








13 ДӘРІС. Дефолианттар және десиканттар. Өсімдіктің өсіп, жетілуін реттегіштер, ретер даннтар .

- 1. Дефолианттар және десиканттар.**
- 2. Өсімдіктің өсіп, жетілуін реттегіштер, ретер даннтар .**
- 1. Десиканттар** (лат. desiccantis- кептіруші)- препараттар арқылы жапырактар мен сабактың өсуін доғарып, ерте кептіру, өнім жинау мен өсімдіктің пісуін тездету мақсатында қолданылады (күнбағыс, картоп, макта,

капуста т.б.). десикант ретінде жанама әсері бар, тез әсер ететін гербицид дикват-дибромид $Mg(ClO_3)_2 \cdot 6H_2O$ (I) қолданылады. КСРО-да 1986-90 жылдары сонымен қатар NaSCN (деб ос), CaCl₂ қоспасындағы Ca(ClO₃), метаксурон (путивел II) және буминафос (III) рұқсат етілген. Сонымен қатар әлемдік деңгейде паракват-дихлорид (IV), диносеб[V, R=CH (CH₃) C₂H₅], пентахлор酚ол және Na пентахлор酚оляты, H₃AsO₄*5H₂O, аметрин (VI), эндотал (VII) кіреді.




Десиканттың шығын мөлшері 0,4-0,6 кг/га (дикват-дибромит) 30 кг/га дейін (хлорат-магний). Ең көп қолданылатын тәсілдің бірі - сулы ерітінділер мен десиканттарды авиабұрку арқылы қолдану. Ауылшаруашылық дақылдарының қажеттілігіне және өндөудің мөлшері мен уақытына байланысты бұл заттар гербицид және дефолиант ретінде пайдаланылады. Коршаған ортаны қауіпті ластанудан сактау үшін десиканттарды белгілі бір қатаң тәртіп регламенті бойынша қолданады.

Табиғи өсу реттеуіштері-фитогормондар аз мөлшерде және өмір сүру қабілетіне қажетті мөлшерде өсімдіктің өз бойында жиналады. Оларға *аукциндер*, *гипбереллинер*, *итокинтер*, *брассиностероидтар*, (мыс брассинолид формуласы), өсімдіктің өсіп, жетілуіне (мыс, биосинтез РНК, ДНК, ақуыз және т.б., клеткалардың өсуі және бөлінуі): *абсиизо қышқылы* және эндогенді этилен - бұл процесстердің ингибиторлары пісуге, солуға және тынығу кезеңіне өтуге себепші болады

2. Өсімдіктерде фитогормондардан басқа екінші өсіруші заттар: *флаонойдтар*, *аминоқышқылдар*, *липидтер*, *алколоидтар*, *толық емес лактондар*, *терпеноидтар* және т.б. жинала-ды. Көптеген фитогормондар өсіруші қасиеттерімен ерекшелептін заттар да саңырауқұлактар мен бактериялардың өміршеніндегі желісінде пайда болады.


Көбінесе тәжірибеде өсімдіктің өсуіне синтетикалық реттегіштердің маңызы зор, атап айтқанда, *арилоксиалифат қышқылы*, әсіресе құрамында *азот қышқылы бар гетероциклды қосындылар*.




Өсімдіктің өсуіндегі синтетикалық реттегіштер фитогормондардың қатынасына байланысты тәмендегі топтарға бөлінеді: *ауксиндер* және *цитокениндер* аналогтары *антиауксиндер* және *антагонистер*, *транспорттағы ауксиндер* және *гиббереллиндер* биосинтезіндегі ингибиторлар, *этилен* бөлушилер немесе өсімдікте оның пайда болуына әсер етушилер.

Өсімдіктің өсуін синтетикалық реттегіштің антигибберелдік әсері ол, өсімдік бойының өсуін баяулатқыш сонымен бірге сабакты

беріктендіргіш, әсіресе артық ылғалдану кезінде астық дақылының жапырылып қалуын тоқтатушы ретердант ретінде кеңінен қолданылады. Маныздысы *хлоридті хлормеквад* болып табылады. $[\text{ClCH}_2\text{CH}_2(\text{CH}_3)_3]^+ \text{Cl}^-$ -бидай егісін өндеуге қолданылады. Мақта және астық егісіне *метикват хлорид*, баубақша және гүл өсіруде өсімдіктен жақсы өнім алу, жемістің сапасын жақсарту үшін *анцилидол* (III) және *даминозид* қолданылады.



||



Арпа және сұлы егісінде ретердант ретінде этилен-этофон тобы $\text{ClCH}_2\text{CH}_2\text{P}(\text{O})(\text{OH})_2$ және оның тұздары қолданылады. Этефон

қолданудың маңыздылығы гевейдің латекс кұрамын жоғарлатады, сонымен қатар этафон макта қауашағының ашылуын, шие мен алма жемісінің пісуін тездетеді.

Ретерданнтар ретінде бірқатар *триозолдың* 1,2,4 туындылары белгілі, мыс *паклобутразол* (IV), *униканазол* (*4 хлорфенил*)-күріштің сабағының жатып қалмауын қамтамасыз ету үшін ұсынылады (шығын мөлшері 12 г/га), *триопентенолдар* (V, R= циклогексин) - майлы рапс және күріште (300-750 г/га) қолданылады.

Өсімдіктің жетілуін жақсарту мақсатында өсу реттегіштері себілетін және отырғызылатын материалдарға жиі қолданылады. Өндөу үшін ауксиндер -3-майлы индолил, 3-сіркеинролил және сірке қышқылының-а-нафтилі қолданылады: **бидай** тұқымын өндөу үшін-хлормекват, **мақтаға-меликват**, қызанакқа - **N-оксид 2,6-диметелпирідин**, қант қызылшасына-**диметил сульфоксид**, сәбізге - **3-майлы индомил** қышқылы пайдаланылады. Картоптың өсіп жеті-үіне кейде гибберелл қышқылын қолданады.

Картоптың және пияздың өсуін баяулату үшін гербицидтер, жасуша бөлінуінің ингибиторлары (мысалы, ИФК, хлор-ИФК), гидро-зид таңқурай қышқылы (МҚ), сонымен қатар этафон және метилді эфир нафтил-сіркеқыш-қылы қолданылады. МҚ-н көбіне темекі өсімдігінің өркендері көбейіп кетуіне қарсы қолданады.

Қант құрамының қанттылығын жоғарлату үшін глифосин $\text{HOOCCH}_2\text{N}[\text{CH}_2\text{P}(\text{O})(\text{OH})_2]_2$, жемістерді жинау алдындағы шашылудан қорғау үшін-даминозид және аук-

син тобындағы препараттар, мысалы 4- хлорофеноксисірке және 2-нафтилоксисірке қышқылдар қолданылады. Кейбір өсу реттегіштерін, мысалы глиоксил ($\text{HON}=\text{CHCH=NOH}$) жемістердің тез жұлынуы үшін пайдаланады.

Өсу реттегіштерін өсімдік жынысын реттеу үшін және партенокарпиялық жеміс алу үшін жиі қолданылады, жұзімнің дәнсіз сортының өсуін реттеу үшін гибберелді қышқылды қолданады. Өсу реттегіштерін өсімдіктің күрғакшылыққа төзімділігін жоғарылатуға, қауіпті егіншілік аудандарындағы үсікten қорғауға

колдану жақсы нәтиже береді, ол үшін әсіресе, жаңа әсер етуіші цитокини және реторданнтар жарамды.

Өсу реттегіштерін негізінен өсімдіктің вегетациялық өсу кезеңінде, тұқымды, түйнектерді, қалемшелерді өндеуде ерітінді және дисперсия жолымен бұрку, кей кезде ғана топыракқа енгізу жолдарын пайдаланады. Өте көп мөлшерде өсімдіктің өсу реттегіштері гербизид, дефолиант, десикант ретінде әсер етеді.

3. Пестицидтерді кешенді қолдану

Өсімдік қорғауда әртүрлі химиялық заттарды біріктіріп пайдалану ауылшаруашылығында кеңінен қолданылады.

Пестицидтердің қоспаларын келесі бағыттарға пайдаланады:

А) Зиянды организмдердің әр түрлілігіне байланысты, пестицидтердің әсерлік спектрін кеңейту.

Б) Препараттардың зиянды организмдерді улағыштығын жоғарылату.

- В) Пестицидтердің қорғау қабілетлігін үзарту үшін.
- Г) Корғалатын өсімдікке деген препараттың улылығын төмендешу (азайту) .
- Д) Химиялық өндеудің кері әсерін болдырмай үшін
- Е) Пестицидтерді қолдануда жоғары экономикалық тиімділікке жету үшін.

Пестицидтерді біріктіріп пайдалану көбіне олардың әсер ету диапазонын кеңейтуде кеңінен қолданылады.

Біріктірілген гербицидтер банвел және логран кең спектр қабілетіне байланысты мәдени дәнді-дақылдар егістігінде луварам мен эстеролға шыдамды арамшөптерге қарсы колданылады. Өсімдік қорғау тәжірибесінде әртүрлі зиянды организмдермен күресу мезгілі бірдей болуы жиі кездеседі. Сондықтан пестицидтердің бірнеше түрін біріктіре отырып өндірілді жүргізеді. Жәндіктер мен кенелерді жою үшін акарицидтерді фосфорорганикалық инсектицид қоспаларын пайдаланады. Бақшаны қорғау шаралары кешенінде

жемістің жеміріне қарсы инсектицидтер және аурулармен күресетін фунгицидтер біріктірілген өндеу қаастырылды. Жаздық, дәнді-дақыл егістігінде және жүгери алқабында арамшөптер мен швед шыбынымен залалдануын төмендету үшін инсектицидтер мен гербицидтер (2,4-Д туынды) бірлесіп қолданылуы мүмкін.

Пестицидтер компоненттерінің біреуінің төзімділігінің жоғарылауы, олардың бірлесіп әсер ету қорытындысына байланысты. Компоненттердің біріккен әсері адиди-

тивті, синергизмді және антагонизмді ерекшеліктері болады.

Өсімдік қорғауда химиялық заттардың тиімділігін жоғарылатуда синергизмдік ерекшелігі пайда болуының маңызы зор. Синергизмдік тиімділік пестицидтерде мына жағдайлар негізінде пайда болады:

- 1) біріккен компоненттердің біреуі зиянды организмнің ішіне улы затты тез ендіру қасиетіне ие болғанда;
- 2) егер бір зат зиянды организмнің немесе топырақтың ішіндегі белсенеді компоненттің уды тез жою күшіне кедергі келтірген жағдайда;

Фосфорорганикалық біріккен қоспасы жәндіктің ағзасына түскенде, олардың бірі алиэстераза белсенділігін қатты тежеп, келесі заттың құртылуына кедергі келтіруінде. Сонымен, алиэстераздар ингибиторы жоғары синергиялық тиімділігі карбофос пен сумитион қоспаларына тән.

3) механикалық әсер етуіне байланысты ажыратылатын қоспалардың улылығы организмнің әртүрлі кезеңдерінде оның өміріне аса қажетті физиологиялық реакцияларын ингибирлейді. Сонымен, жақсы нәтижелер фосфорорганикалық

инсектицидтердің біріккен түрлерінде және пиретроидтық топтарда кездескен.

Пестицидтердің біріктіріп қолдануда осы жағдайлар да өсімдікті зиянды организмдерден қорғау кезеңінің ұзартылуын жоғарылатады. Мыс, карбофостың неоронмен қоспасы қиярды торлы кенеден 30-40 күн ішінде қорғайды. Карбофос-тұрактылығы тәмен препарат, 7-10 күн аралығында үлкен кенелер мен олардың құрттарын тиімді жояды, ал неорон өсімдікте кенелерді болдырмайды. Купрозан - мыс хлортотығы мен цинеб препараттарына қарағанда өсімдікті аз күйдіреді.

Дихлорацетамид (эродиканың құрама бөлігі), белсенділігі аз бола тұра жүгерінің арамшөптеріне қарсы күрес тиімділігін төмендетпестен тиокарбамат тобындағы гербицидтермен кешен ді қолданылғанда олардың да тиімділігін төмендетпейді.

Спецификалық акарицидтердің фосфорорганикалық қосындыларының қоспасы, кенелердің спецификалық тәзімділігінің пайда болуын тоқтатады. Сонымен пестицидтердің кешенді қолдану ауылшаруашылық дақылдарды өндөуде шығын мөлшерін едәуір қысқартып, арзан өнім алуға мүмкіндік береді.

Бірак, кейде пестицидтерді бірлестіріп қолдану теріс нәтижелер беруі мүмкін. Препараттардың улылығының төмендеуі, химиялық реакциялардың нәтижесінде улылығы жок өнім пайда болуынан. Мысалы, фосфорорганикалық қосындылар сілтілік ортада тез ыдырайды, оларды бордо сұйықтығымен, әкпен және күкіртті-әк суымен араластыруға болмайды. Осы кезде бұл инсектицидтердің корғау кезеңі бір мезгілде қысқарылышынады.

Аурулармен күрес кезінде фталимиидті инсектицидтің әмульсиялы концентраты бірге қолданған жағдайда өсімдіктің қатты күюі байкалады.

Пестицидтердің төзімділігінің төмендеуі антогонизм жағдайында өтеді. Бұл жағдайлар пестицид қоспаларын механикалық жолмен тек бір түрін пайдаланғанда, бірақ та әртүрлі улылықта болуы мүмкін.

Пестицид қоспаларын дұрыс қолдану олардың әсерін жоғарылатуға мүмкіндік туғызады,

химиялық өндеу кезіндегі еңбек өнімділігін және өсімдікті зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден қорғаудағы химиялық жеке кемшіліктерін жояды.